КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 29 мамыр №7119-25-00-2/3191 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Хасанова,
сот отырысының хатшысы А.Базарбаева,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеуді және ұялы байланыс техникалық құралдарын қолданып, электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕРЛЕР:
«Design Pro» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай-ЖШС)
«Карсак-2015» ЖШС

ДАУДЫҢ НЫСАНЫНА ДЕРБЕС ТАЛАПТАРЫН МӘЛІМДЕМЕЙТІН ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР:
«Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» (әрі қарай-Департамент)
Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы" мемлекеттік мекемесі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Прокурор Рашитова Б.
Талап қоюшының өкілі Айтқазина А.
Жауапкерлер өкілдері Жиембаев Е.С., Ким А.С.
Үшінші тұлға өкілдері Шайкенов С.С, Кабидулла И.

<u>СИПАТТАУ БӨЛІГІ:</u>

2024 жылы 11 қазанда Астана қаласының Активтер және мемлекеттік сатып алу басқармасы (бұдан әрі – Ұйымдастырушы) «Ашық конкурс

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 30.05.2025
Дата вступления в законную силу: 06.08.2025, судья Хасанова Э. Е., 25.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

конкурстық құжаттамаға сәйкес» №13190080-1 «Сәндік жарықтандыруды күтіп ұстау/қамтамасыз ету бойынша қызметтер» мемлекеттік сатып алуын жариялады.

Тапсырыс беруші – Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» ММ.

2024 жылы 18 қарашада қорытынды хаттамаға сәйкес жеңімпаз «Design Pro» ЖШС танылды, ал екінші орынды «Карсак-2015» ЖШС иеленді.

Біліктілік талаптарына сәйкес келмейтін өтінімдер: «LED Impress Lighting» ЖШС, «PPR service» ЖШС, «Mega Standard Communication» ЖШС.

2024 жылы 24 желтоқсанда ұйымдастырушы конкурс қорытындысын қайта қарап, камералдық бақылау туралы хабарламаға сәйкес қорытынды хаттаманы түзетіп, конкурс өтпеген деп танылды.

2024 жылы 24 желтоқсанда департаменттен тапсырыс берушіге №1620 мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес шараларды қолдану үшін хат келіп түсті.

2025 жылғы 21 қаңтарда талап қоюшы, департаменттен келіп түскен хатында «Design Pro» ЖШС мен «Карсак-2015» ЖШС әлеуетті жеткізушілерінің жалған ақпарат ұсынғаны туралы фактілер, яғни конкурстық құжаттамаға №7 қосымшаның 4-тармағына сәйкес, әлеуетті жеткізушілерге материалдық ресурстарға ие болу бөлігінде кран-манипуляторлар, кемінде 1,6 т және борттық автокөліктер, 8 т дейін біліктілік талаптары қойылғандігін көрсетті.

«Design Pro» ЖШС конкурстық өтініміне «8 т дейінгі борттық автокөліктер» материалдық ресурсына иелікті растау үшін ГАЗ A22R22 автокөлігіне (мемлекеттік нөмірі 555JGR01, СРТС ZJ00829236) қатысты құжаттарды жүктеген, алайда әкімшілік полиция басқармасының 2024 жылы 13 желтоқсандағы №01-5/3-16/5-13255 жауабына сәйкес, 555JGR01 мемлекеттік нөмірімен тіркелген көлік ГАЗ A21R23-1010-26-507-99 (СРТС ZJ99747080) болып анықталғанын баяндады.

«Карсак-2015» ЖШС конкурстық өтініміне «кемінде 1,6 т кран-манипуляторлар» материалдық ресурсына иелікті растау үшін SCANIA R164 автокөлігіне (мемлекеттік нөмірі 151VMA01, СРТС ZJ00204989) қатысты құжаттар жүктеген, алайда әкімшілік полиция басқармасының жауап хатына сәйкес SCANIA R164 автокөлігі (151VMA01, СРТС ZJ00204989) 2024 жылы 3 мамырдан бастап тіркеуден шығарылғаны анықталғанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандыруды сұрады.

«Design Pro» ЖШС жазбаша пікірінде, ГАЗ A22R22 автокөлігін мемлекеттік тіркеу №555JGR01 алдын ала жалдау шарты С.Асқаровпен 29.10.2024 жылы жасалып, алайда кейіннен жалға берушіден есептен шығарылған көліктің тіркеу туралы куәлігін қателесіп бергені анықталғанын айтып, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

«Карсак-2015» ЖШС жазбаша пікірінде, SCANIA R164 автокөлігін алдын ала жалдау шартымен Д. Жабагинов жасалғанын, бұл автокөліктің 03.05.2024 жылы сатып, тіркеуден шешілгенін тек 2024 жылдың

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 30.05.2025

Дата вступления в законную силу: 06.08.2025, судья Хасанова Э. Е., 25.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

желтоқсанында білгенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Департаменттің жазбаша пікірінде, талап қоюда көрсетілген жағдайларды келтірді.

Басқа үшінші тұлғалардан жазбаша пікір келіп түскен жоқ.

Сот отырысында талап қоюшы талап қоюды толығымен қуаттап, соттан қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкерлер өкілдері, талап қоюды мойындамай, қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытынды берді.

Сотқа қатысушыларды тыңдап, азаматтық істің материалдарын зерттеп, сот келесі тұжырымға келеді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ</u>:

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңының (әрі қарай-заң) 11-бабы 1- тармағының 4) тармақшасына сәйкес, леуетті өнім берушілерге және (немесе) тартылатын қосалқы мердігерлерге (бірлесіп орындаушыларға) мынадай біліктілік талаптары қойылады: шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы, сондай-ақ жұмыскерлер алдында жалақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің болмауы. Жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуда тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушіден шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету орны бойынша облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың шекараларындағы тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте тіркелген материалдық және еңбек ресурстарының болуын талап етуге құқылы.

Осы Заңның 11-бабы 4-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігі тапсырыс берушіге, ұйымдастырушыға, бірыңғай ұйымдастырушыға осы Заңда және мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсыну арқылы не Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелері арқылы расталады деп көрсетілген.

Заңның 8 бабының 4 бөлігінде Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: 1) анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 30.05.2025

Дата вступления в законную силу: 06.08.2025, судья Хасанова Э. Е., 25.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Сот отырысында анықталғандай, конкурстық құжаттама №7 қосымшаның 4-тармағына сәйкес, әлеуетті жеткізушілерге: кран-манипуляторлар, кемінде 1,6 тонна және борттық автокөліктер, 8 тоннаға дейін материалдық ресурстарға ие болу талаптары қойылды.

Өз кезегінде, жауапкерлер материалдық ресурстарды растау үшін мемлекеттік тіркеуден шығарылған автокөліктерге алдын ала жалдау шарттарын жүктеген.

Сот мемлекеттік сатып алуды реттейтін заңнамада анық емес ақпарат – біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер екенін ескеріп, талап қоюды қанағаттандыру туралы қорытындыға келді.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана қаласы «Есіл» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің жауапкерлер «Design Pro» ЖШС, «Карсак-2015» ЖШС мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою ішінара қанағаттандырылсын.

«Design Pro» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Design Pro» ЖШС мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Карсак-2015» ЖШС мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Карсак-2015» ЖШС мемлекет пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, наразылық беруі мүмкін.

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 30.05.2025

Дата вступления в законную силу: 06.08.2025, судья Хасанова Э. Е., 25.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Судья Э.Е. Хасанова

Документ подписан: Хасанова Э. Е., 30.05.2025

Дата вступления в законную силу: 06.08.2025, судья Хасанова Э. Е., 25.08.2025

7119-25-3-6/190